



# ҚАЗТЕСТ

ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРУ ДЕНГЕЙІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ



# QAZTEST

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ

**ҚАЗТЕСТ** – Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасы аумағында әртүрлі қызмет түрлерімен айналысатын шетел азаматтарының қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың отандық жүйесі.

### ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ТЕСТІЛЕУГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ДИНАМИКАСЫ



### ӘЛЕМДЕГІ ТІЛ БІЛІМІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ





2006 жыл

ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылуы

2007 жыл

Байқау сынақтары басталды

2008 жыл

- ҚАЗТЕСТ жүйесін дамыту мен енгізу тұжырымдамасы бекітілді
- «Болашақ» стипендиясына үміткерлерге ҚАЗТЕСТ тестілеуі міндеттелді

2009 жыл

Мемлекеттік стандарттар бекітілді

2010 жыл

- [www.kazakhtest.kz](http://www.kazakhtest.kz) сайты ашылды
- Онлайн тестілеу басталды

2011 жыл

- Өр деңгейдің лексикалық минимумы белгіленді
- ҚАЗТЕСТ-ке дайындалу құралдары шықты
- Назарбаев зияткерлік мектептері ұстаздарына ҚАЗТЕСТ міндеттелді

2012 жыл

ҚАЗТЕСТ әдістемесі қалыптасты



## ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ



QAZTEST



2013 жыл

- Сертификаттық тестілеу енгізілді
- «А» корпусы үміткерлеріне ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуден өту міндеттелді

2014 жыл

- 32 146 адам тестілеуден өтті
- Тестілеу өтудің Мемлекеттік стандарты бекітілді

2015 жыл

- Ұлттық стандарттарға қазақ тілін белгілі деңгейде меңгеруі абзал мамандықтар, кәсіптер мен лауазымдар тізбесі қосылды
- Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы үміткерлеріне ҚАЗТЕСТ тестілеуінен өту міндеттелді

2016 жыл

- 73 732 адам тістілеуден өтті
- Мемлекеттік қызметшілердің үлесі – 53,5%
- Бюджеттік сала қызметкерлерінің үлесі – 23,5%

2017 жыл

- Ұлттық стандарттар қолданысқа енгізілді
- 94 578 адам тестілеуден өтті
- Сайтта тестілеуге қатысуға өтінім беру парақшасы әзірленді
- ҚАЗТЕСТ сайтында латын графикасындағы парақша ашылды
- ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшылар конкурс негізінде іріктелді

2018 жыл

ҚАЗТЕСТ жүйесінің жаңа форматы енгізілді



# ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫН ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕ

## ҚАЗТЕСТ-Ң ҚҰРЫЛЫМЫ

2018 жылдың басты жаңалығы - ҚАЗТЕСТ жүйесінің жаңа форматқа көшуі. Яғни, ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша диагностикалық және сертификаттық тестілеу жаңа форматта өткізіледі. ҚАЗТЕСТ тестілеуінің ің құрылымына, мазмұнына өзгерістер енгізілді, тапсырмалар саны ықшамдалды. Объективті тестілеу нәтижесіне қол жеткізу үшін сертификаттық тестілеу құрылымына қолданыстағы Тыңдалым, Оқылым, Жазылым және Лексикалық-грамматикалық бөліктерден бөлек сөйлеу әрекетінің өнімді түрі **Айтылым бөлігі енгізілді**. Тестілеу барысында сөйлеу құзыреттілігіне аса мән беріледі.

Жаңа форматқа көшу барысында халықаралық TOEFL, IELTS, TOMER, TPКИ секілді тілдік білімді бағалау жүйелеріне салыстырмалы талдау және қосымша зерттеулер жасалды. Бұл халықаралық тіл білімін бағалау жүйелерінің талаптарына сәйкес келеді. Бес деңгей бойынша тапсырмалар және ауызша жұмыстарды бағалау межелері әзірленді. ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі тапсырмалар саны ықшамдалып, 150 тапсырмадан 100-ге қысқартылды.

Диагностикалық тестілеу бойынша

	Тыңдалым	Лексика-грамматикалық құрылым	Оқылым	Барлығы:
<b>Қолданыстағы формат</b>	30 тапсырма	70 тапсырма	50 тапсырма	<b>150 тапсырма, 150 минут</b>
<b>Жаңа формат</b>	20 тапсырма	40 тапсырма	40 тапсырма	<b>100 тапсырма, 100 минут</b>

Сертификаттық тестілеудің құрылымына қазақ тілін меңгеру деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік беретін «Айтылым» бөлігі енгізілді.

Қайталанатын тапсырмалар, қазақ тілі құрылымының грамматикалық категорияларын бағалайтын кейбір тапсырмалар алынып тасталды. Тест тапсырмаларының түрлері анағұрлым тиімді, мазмұны жағынан қызықты, құрылымы бойынша нақты және оқуға ыңғайлылық тұрғысынан ауыстырылды. Тест тапсырмаларындағы диалогтер мен мәтіндерді іріктеу тәсілі өзгертілді, мұнда тестіленушілердің әлеуметтік тобына сәйкес тест сұрақтарын бейімдеу талабы басшылыққа алынды.

Қазіргі уақытта ҚАЗТЕСТ жүйесінің жаңа форматын пилоттық режимде әртүрлі әлеуметтік топтарда байқау сынағынан өткізілуде. Байқау сынағы оң нәтиже көрсеткен жағдайда 2018 жылдың II жартыжылдығынан бастап ҚАЗТЕСТ-тің жаңа форматы енгізелін болады.



**ТЫҢДАЛЫМ  
БӨЛІГІ**

**ҚОЛДАНЫСТАҒЫ  
ФОРМАТ**

**30**  
тапсырма

**ЖАҢА ФОРМАТ**

**20**  
тапсырма



**ЛЕКСИКА-  
ГРАММАТИКАЛЫҚ  
БӨЛІК**

**70**  
тапсырма

**40**  
тапсырма



**ОҚЫЛЫМ  
БӨЛІГІ**

**50**  
тапсырма

**40**  
тапсырма



**ЖАЗЫЛЫМ  
БӨЛІГІ**

**2-4**  
тапсырма

**2-4**  
тапсырма



**АЙТЫЛЫМ  
БӨЛІГІ**

**-**

**1-2**  
тапсырма

## БАҒАЛАНАТЫН БӨЛІКТЕР

## БАҒАЛАНАТЫН БӨЛІКТЕР



**ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ**  
**20**  
тапсырма



**ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК**  
**40**  
тапсырма



**ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ**  
**40**  
тапсырма



**ТЫҢДАЛЫМ БӨЛІГІ**  
**20**  
тапсырма



**ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ БӨЛІК**  
**40**  
тапсырма



**ОҚЫЛЫМ БӨЛІГІ**  
**40**  
тапсырма



**ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІГІ**  
**2-4**  
тапсырма



**АЙТЫЛЫМ БӨЛІГІ**  
**1-2**  
тапсырма



Сертификат әр бөлік бойынша **60%** дұрыс жауап болған жағдайда беріледі.

Сертификаттың жарамдылық мерзімі



**A1** **A2** - 2 ЖЫЛ  
**B1** **B2** - 3 ЖЫЛ  
**C1** - 5 ЖЫЛ

Деңгейлер	Шкала
<b>C1</b> Жоғары	90-100
<b>B2</b> Ортадан жоғары	75-89
<b>B1</b> Орта	65-74
<b>A2</b> Базалық	55-64
<b>A1</b> Қарапайым	20-54

Диагностикалық тест нәтижесі шкала бойынша анықталады. Тестілеу нәтижесі анықтама/ведомость ретінде беріледі.

**Анықтама**  
↓  
жеке тұлғалар үшін

**Ведомость**  
↓  
заңды тұлғалар үшін

## ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕСТІЛЕУДЕН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ?

[www.kazakhtest.kz](http://www.kazakhtest.kz) сайтында онлайн-тестілеу арқылы

Ұлттық тестілеу орталығында (Астана қ., Жеңіс д., 60)

Компьютерлік тестілеу арқылы (8 7172 69-52-85)

## СЕРТИФИКАТТЫҚ ТЕСТІЛЕУДЕН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ?

Ұлттық тестілеу орталығында (Астана қ., Жеңіс д., 60)

Аймақтық тілдерді дамыту басқармаларының ұйымдастыруымен



# ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ТЕСТІЛЕУДІ ӨТКІЗУДІҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- «Тілдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»

## НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР:

ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді **V1 деңгейінде** меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесін:

2017 жылға қарай **25%**      2020 жылға қарай **35%** ұлғайту

ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді **V1 деңгейінде** меңгерген мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесін:

2017 жылға қарай **10%**      2020 жылға қарай **20%** ұлғайту

ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді **C1 деңгейінде** меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесін:

2017 жылға қарай **5%**      2020 жылға қарай **15%** ұлғайту

ҚАЗТЕСТ жүйесі арқылы анықталатын мемлекеттік тілді **C1 деңгейінде** меңгерген мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлердің үлесін:

2017 жылға қарай **5%**      2020 жылға қарай **10%** ұлғайту

## ҚАЗТЕСТ ТАПСЫРАТЫН ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАР



Мемлекеттік қызметшілер



«БОЛАШАҚ» бағдарламасының стипендиясына үміткерлер



Мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдардағы қызметкерлер



Әскери қызметшілер



Ұлттық компания қызметкерлері



# ӘЗІРЛЕУШІЛЕР МЕН САРАПШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Тест тапсырмаларын әзірлеуші мамандар мен сарапшыларға қойылатын талаптарды күшейту, тест тапсырмаларының сапасын арттыру және тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшыларды конкурстық негізде іріктеудің нақты тетігін анықтау мақсатында 2018 жылдан бастап «Тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшыларды конкурстық негізде іріктеу қағидасы» бекітілді.

Осыған сәйкес биылғы жылдан бастап еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарының, атап айтқанда, Назарбаев университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, С. Демирел атындағы университеттің, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тілші ғалымдарынан, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының мамандары тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшылары ретінде 5 кезеңнен тұратын конкурстың негізінде іріктелді.

- Филологиялық немесе педагогикалық жоғары білімінің болуы
- «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша жоғары немесе ЖОО-нан кейінгі білімінің болуы
- Еңбек кітапшасындағы деректерге сәйкес 5 (бес) жылдан кем емес еңбек өтілінің болуы (педагогикалық сала бойынша)
- Бірінші немесе жоғары біліктілік санатын (мектеп мұғалімдері үшін)/академиялық және ғылыми дәрежені, ғылыми атақты (магистр, PhD доктор, ғылым кандидаты, ғылым докторы) иеленуі туралы куәлігінің болуы
- Білім беру саласындағы нормативтік құжаттарды білуі (стандарттар, бірүлгі бағдарламалар)
- Білім беру саласындағы жетістіктері мен марапаттары
- Компьютермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру
- Педагогикалық өлшеулердің теориялық және қолданбалы негіздерін, тест тапсырмаларының мазмұнын іріктеу қағидаларын білуі
- Білімді тестілік бақылау әдістемесін білу қажет

Тест тапсырмаларының сарапшысы ретінде кемінде 2 жыл ҚАЗТЕСТ тапсырмаларының әзірлеушісі болған мамандар бола алады.

## Тест тапсырмаларының әзірлеушілері мен сарапшылардың сапалық құрамы

- Ғылым докторлары – 21
- PhD докторлары – 2
- Ғылым кандидаттары – 38
- Магистрлер – 12
- Назарбаев Университеті
- С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
- М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
- С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті
- А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
- Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
- С.Демирел атындағы Қазақ-түрік университеті
- М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
- Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
- М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті



2016 жыл

Қырғыз Республикасы Ұлттық тестілеу орталығы Қырғызтест жүйесі.  
ҚАЗТЕСТ – Қырғызтест – ТРКИ ынтымақтастығы



2015 жыл

Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті қарамағындағы  
TÖMER, Түрік тілін оқыту, зерттеу және тәжірибе орталығының  
сарапшысының авторлық курсы



2014 жыл

Түркия Республикасы, Анкара қаласы, Гази университеті арамағындағы  
TÖMER, Түрік тілін оқыту, зерттеу және тәжірибе орталығының  
директоры орынбасарының авторлық курсы



2012 жыл

ТРКИ (Тест по русскому языку как иностранному, М. Ломоносов атындағы  
Мәскеу мемлекеттік университеті) орталық директорының авторлық курсы



2011 жыл

ETS (Educational Testing Service, АҚШ, Принстон университеті) сарапшысының  
авторлық курсы



Қазақстан Республикасында қазақ тілін оқыту мен бағалау үдерісін реттейтін бірден-бір нормативті құжаты ретінде Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын ҚРСТ 1926-2009, ҚР СТ 1928-2009, ҚР СТ 1927-2009, ҚРСТ1925-2009, ҚРСТ1929-2009 мемлекеттік стандарттары болып есептелген. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылдың 24 қарашадағы № 236-од бұйрығымен Ұлттық стандарттар мәртебесінде қайта бекітілді (ҚР СТ 1926-

2009, ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1927-2015, ҚР СТ 1925-2015, ҚР СТ 1929-2015).

ҚР Ұлттық стандарттарының қосымшасында мемлекеттік тілді біліктілік талаптарына сәйкес белгілі көлемде меңгеруі абзал кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі берілген. Бұл құжат «Мемлекеттік тілді кім қай деңгейде білуі керек?» деген қоғамда пайда болған сұраққа нақты жауап бола алады. ҚР Ұлттық стандарттары 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

**Мемлекеттік тілді біліктілік талаптарына сәйкес белгілі көлемде меңгеруі абзал кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі:**





# ҚАЗАҚ ТІЛІН КІМ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ БІЛУІ КЕРЕК?

A1-Қарапайым деңгей	A2-Базалық деңгей	B1-Орта деңгей	B2-Ортадан жоғары деңгей	C1-Жоғары деңгей
<b>Мемлекеттік қызмет</b>		<b>Азаматтық қызмет</b>		<b>Өзге де салалар</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>С-FPU-12 құқық қорғау қызметкерлері;</li> <li>ішкі істер сержанттары, старшиналар күзетшілер, органдарда атқаратын қызметі талдау жасап, қорытындылап, шешім қабылдау арқылы басқарумен айналыспайтын қызметкерлер;</li> <li>G-14 санатындағы азаматтық қызметкерлер, мемлекеттік емес тілді орта мектептердің және аралас мектептердің өзге тілді сыныптарында сабақ беретін мұғалімдер;</li> <li>халыққа әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарының, пәтер иелері кооперативтерінің шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын қызметшілері.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>B-6, C-6, E-G-3, E-G-4, C-R-5, D-O-6, C-ТК-6, C-ТК-7, C-ТКО-8, C-ТКО-9, C-ТКО-10, C-ТКО-11 санаттарындағы мемлекеттік қызметкерлер; қала, аудан прокуратурасының бөлім бастығы, қала, аудан прокурорының аға көмекшісі, көмекшісі;</li> <li>облыстық, аудандық, қалалық участкелік полиция инспекторлары, жол полициясының инспекторлары, бухгалтерлер;</li> <li>ҚР ұлттық қауіпсіздік органдарында келісімшарт бойынша қызмет атқаратын сержанттар (старшиналар) құрамы;</li> <li>түрлі вокзалдар мен арнайы тұрақтар, әуежайлар, порттардың бас мамандары, станса кезекшілері, кассирлері, диспетчерлері, авиа-диспетчерлері, инженерлері, операторлары, геодезистері, билет кассаларының, камералық сақтау бөлімдерінің мамандары.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>A-3, A-4, B-5, C-5, C-R-4, C-O-5, D-4, D-5, D-O-4, D-O-5, E-4, E-5, E-R-4, E-R-5, E-G-2, C-ТК-4, C-ТК-5, C-ТКО-6, C-ТК-7 санаттарындағы мемлекеттік қызметкерлер, ҚР Қарулы Күштерінің әскери құрылымдардың аға офицерлік құрамы;</li> <li>Облыс прокуратурасы бөлім бастығы, аға прокурор;</li> <li>облыстық, қалалық, аудандық ішкі істер органдарының құрылымдық бөліністеріндегі бөлім басшылары, тергеушілер, бас бухгалтер, және т.б.;</li> <li>денсаулық сақтау саласындағы барлық құрылымдық бөлімдерінің бөлім меңгерушілері, дәрігерлері, сарапшы дәрігерлері;</li> <li>барлық дәрежедегі банктер мен олардың филиалдарының, қор биржаларының, аудиторлық және сақтандыру компанияларының құрылымдық бөлім басшылары, басқарма жетекшілері және олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлері, экономистері, маркетингшілері, аукционшылары, бағалаушылары, сақтандыру агенттері, сату агенттері, менеджерлері.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>A-2, B-3, B-4, C-2, C-3, C-4, C-O-1, C-O-2, C-O-3, C-O-4, C-R-1, C-R-2, C-R-3, D-2, D-3, D-O-1, D-O-2, D-O-3, E-2, E-3, E-R-2, C-ТК-2, C-ТК-3, C-ТКО-4, C-ТКО-5, ішкі істер департаменттерінің бастығы және оның орынбасарлары, Бас прокурордың кеңесшісі, көмекшісі, Бас прокуратура басқармасы бастығының орынбасары, бөлім бастығы және т.б.;</li> <li>облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктердегі департамент басшылары;</li> <li>облыс, аудан, қала прокуроры, оның орынбасары, басқарма бастықтары;</li> <li>Ішкі істер департаменттерінің бастықтары, оның орынбасарлары;</li> <li>Жоғары офицерлер құрамы және т.б.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚР Президенті, ҚР Президенті әкімшілігінің жетекшісі, ҚР Президентінің іс басқармасы жетекшісі және оның орынбасарлары;</li> <li>ҚР Мемлекеттік хатшысы және оның көмекшілері, ҚР Парламент Сенаты және Мәжіліс депутаттары, олардың көмекшілері, ҚР Премьер-Министрі және оның орынбасарлары, ҚР Үкіметінің мүшелері, Премьер-министр кеңсесінің басшысы, ҚР Ұлттық Банкі, Бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы және оның мүшелері, ҚР Бас прокуроры, Бас прокурордың бірінші орынбасары және т.б.</li> </ul>



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУҒА АРНАЛҒАН  
БІРУЛГІ БАҒДАРЛАМА



ҚАЗТЕСТ-КЕ ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН  
«ТІЛ – ҚҰРАЛ» ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ




ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРУДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ  
ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДАР



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚИТУҒА  
АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

# ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



ЖАТТЫҒУ ТЕСТІЛЕРІ



ҚАЗТЕСТ-КЕ ДАЙЫНДАЛУҒА  
АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН  
ОҚИТУҒА АРНАЛҒАН  
ГРАММАТИКАЛЫҚ  
АНЫҚТАҒЫШ



ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША  
КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕСТІЛЕУ



ҚАЗТЕСТ ЖҮЙЕСІНІҢ ВЕБ-САЙТЫ

## ТІЛДЕРДІ ДАМУ БАСҚАРМАЛАРЫ

• Астана қаласының Тілдерді дамыту басқармасы	8 (7172) 55-67-21
• Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы	8 (7172) 32-15-09
• Алматы қаласының мемлекеттік тілді дамыту басқармасы	8 (7282) 30-59-53
• Ақмола облысының оқу-әдістемелік орталығы	8 (7162) 25-17-73
• Ақтөбе облысының «Тілдерді оқытудың облыстық орталығы»	8 (7132) 95-41-90
• Алматы облысының мемлекеттік тілді дамыту басқармасы, «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы	8 (7282) 24-28-02
• Атырау облысының мемлекеттік тілді дамыту басқармасы, Атырау облысы әкімі аппаратының «Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және тілдерді оқытудың өңірлік орталығы»	8 (7122) 35-45-68
• Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік тілді дамыту басқармасы	8 (7112) 51-15-05
• Жамбыл облысы «Мемлекеттік тілді оқыту орталығы»	8 (7262) 57-92-34
• Қарағанды облысының тілдерді дамыту басқармасының «Қарағанды облыстық тілдерді оқыту орталығы»	8 (7212) 34-51-27
• Қостанай облысының мемлекеттік тілді дамыту басқармасы, Қостанай облыстық «Тілдерді оқыту орталығы»	8 (7142) 54-24-54
• Қызылорда облысының мемлекеттік тілді дамыту басқармасы, Қызылорда облыстық «Тілдерді оқытудың өңірлік орталығы»	8 (7242) 40-05-83
• Маңғыстау облысы әкімдігінің «Тілдерді оқыту, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығы»	8 (7292) 43-59-10
• Шымкент қалалық қазақ тілін оқыту, салт-дәстүрді және өнерді насихаттау орталығы	8 (7252) 30-10-47
• Павлодар облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы	8 (7182) 32-67-81
• Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі басқармасы	8 (7152) 30-10-44
• «Шығыс Қазақстан облысының мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі басқармасы	8 (7232) 70-59-93